

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Қызылорда «Болашақ» университеті



**Профессор-оқытушылар құрамының
Академиялық Ар-намыс КОДЕКСІ**

*Университеттің Ғылыми кеңесінің
01.09.2022 жылғы № 1 Хаттамасы шешімі*

Қызылорда, 2022

Аталған Кодекс Қызылорда «Болашақ» университетінің әрбір қызметкеріне оқу және зерттеу жүргізу жұмыстарын жүргізуде барынша жоғары көңіл-күй алуға және өз қызметін еркін жүргізе алатындай академиялық атмосфера қалыптастыруға ынталандырады және осы құрметке университеттегі әрбір тұлға ие бола алады.

Кодекс университеттің қолданыстағы ішкі саясаты мен регламенттерін алмастырмайды, әйтсе де қолданыс аясына қарай өзіндік үлгі қалыптастырады.

Кодекс барлық жөнсіз мінез-құлыққа қатысты даулы жағдайларды шешуге бағытталмаған, алайда университет миссиясын орындауды және университеттік қоғамдастық қатысушысына бағдар жасауды басшылыққа ала отырып, жағдайдың шешілу негізін қалыптастырады.

Кодекс даулы жағдайларды шешуде немесе академиялық этика бұзылу жағдайларында олардың пайда болу себептерін анықтайды.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

- Оқытушыға әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде, бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие мамандарды дайындауда сондай-ақ, әлеуметтік-бағдарланған, жоғары мәдениетті және толерантты тұлға қалыптастыру үшін университет дамуының стратегиялық жоспарының миссиясын орындау кезінде жағдай жасау жөніндегі жауапкершілік жүктеледі;

- Оқытушы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын сақтауға міндетті;

- Оқытушы мәдени дәстүрлердің, мемлекеттік идеялар мен қазақстандық патриотизмнің белсенді насихаттаушысы, жоғары мәдениет және мораль үлгісі болуға міндетті;

- Оқытушы студенттер мен жұмыстағы әріптестеріне адал, талапшыл және әділ болуы керек;

- Оқытушы қалыптан тыс, даулы мәселелерді шешуде ұжымдық мәдениет пен этикалық мінез-құлық принциптерін сақтауы тиіс;

- Оқытушы білім алушыларға білім алуда және олардың білімдерін бағалауда, білім алушылар тарапынан наразылық тудыруға жол бермейтіндей тең мүмкіндіктер беруі тиіс;

- Оқытушы студенттің жасына, жынысына, ұлтына немесе белгілі бір себептер мен оқу курсына қатысы жоқ құзіреттіліктерге қарамастан білім алушылардың жұмыс нәтижесін әділ бағалауы қажет;

- Оқытушы оқыту мен білім беруде студенттікке бағытталған тәсілдерді қолдануы тиіс: болашақ маманның кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын білім беру үрдісінің басында сапалы оқытудың нәтижелері тұруы тиіс;

- Оқытушы оқу үдерісіне қатысты маңызды, өзекті мәселелерді білуі және білім алушылардың жетістіктерін жоғарылатуға жетекшілік етуі тиіс;

- Оқытушы уақыт талабына сай өзгерістер дайын, өсуге бейім және тапсырмалардың орындалуында шығармашылыққа икемді болуы керек;

- Оқытушы қызметті оңтайландыру мен білім беру және ғылыми өнім сапасын арттыру бойынша идеяларды ойлап табуы керек, бастамашыл болуы керек;

- Оқытушы студенттер тарапынан жасалынатын келесі қателіктерге әділ қарап, шешуі қажет: плагиат, көшіру, фальсификация, деректерді қолдан жасау, емтихан және сынақ нәтижелерін өзгерту, емтихан барысында тыйым салынған көмекші құралдарды қолдану, басқа білім алушының жұмысын өзінікі етіп көрсету, өзге студенттердің жазба жұмыстарын жасағаны үшін ақша алу және сатып алу, әртүрлі курстардан өту кезінде өзге студенттермен бірдей жасалынған жұмыстарды көрсету;

- Оқытушы емтихан нәтижелеріне қатысты шағымдар (немесе өзге де бағалануы тиіс жұмыстар), сонымен қатар басқа да студенттің сынақ нәтижелеріне қатысты бағалауларын ескермегенде студенттің академиялық үлгерімін жария етуден аулақ болуы тиіс;

- Оқытушы академиялық әділдікті ұстануы қажет.

Профессорлық-оқытушылар құрамы бойынша академиялық Ар-намысты бұзу болып табылады:

- ішкі нормативтік құжаттар мен Кодекс бойынша жасырылуы тиіс құжаттар мен әділжолмен жасалмаған жұмыстарды жария ету;

- қағазда немесе электронды түрдегі жазба жұмыстарында сілтемесі көрсетілмеген, әр бөлімін сол қалпында еш өзгеріссіз көшірген плагиат, яғни өзгенің жұмысын жазып беру;

- білім алушының кез-келген жұмысына бағаны алдын-ала келісіп қою;

- академиялық ақпаратқа заңсыз қол жеткізу, сонымен қатар оны заңсыз тарату, білім алушыларға емтихан сұрақтарын, тест тапсырмаларын алдын-ала беру, жылдық есептерді сату мен курстық жұмыстарды сатып алу және т.б.;

- бұрмалау-яғни бағалар мен тапсырмалардың жауабын қолдан жасау; академиялық жұмыстарды, деректер мен қойылған қолдардың өзгертілуі;

- заңсыз хабарларды өкілеттіліктер шеңберінде немесе теріс пайдалану жолымен беру немесе сыйақы алу.

Кодекстің ережелері барлық оқытушыларға олардың еңбек өтіліне қарамастан бірдей қолданылады.